Райымбек ауданының «Құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Нарынқол ауылы 11 мамыр 2026 жыл

Кіріспе

Райымбек ауданының «Құрылыс бөлімі» (бұдан әрі -Бөлім) өз қызметін Райымбек ауданы әкімдігінің қаулысымен бекітілген ереже (бұдан әрі -Ереже) негізінде жүзеге асырады.

Ережеге сәйкес Бөлімнің миссиясы Райымбек ауданында құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, сондай ақ Райымбек ауданының құрылыс саласын тұрақты экономикалық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қағидаларына сәйкес келесі бағыттар бойынша ішкі талдау жүргізілді:

1. Бөлімнің қызмтін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

1.1. Бөлім өз қызметінде негізінен келесі құқықтық актілерді басшылыққа алады:

«Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Кодексімен;

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы №99- IV ҚР Кодексімен;

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР 2014 жылғы 5 шілдедегі №235- V кодексімен;

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V ҚР Заңымен;

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88- V Заңымен;

Қазақстан республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңымен;

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңымен;

«Әкімшілік-рәсімдік процестік» ҚР 2021 жылғы 21 шілдедегі Кодексімен; «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылға 6 сәуірдегі №480-V Заңымен;

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V Заңымен;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары:

2. Заңнамадағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

Мемлекеттік сатып алу заңының 7-тарау, 36-бабына сәйкес, 2024 жылғы жылдық жоспарда – авторлық қадағалау қызметтері бір көзден сатып алу тәсілімен бекітілген.

Ұсыныс 1.

Қазақстан Республикасының Бәсекелестік туралы Заңына сәйкес, жоғарыда аталған қызмет баға ұсыну тәсілімен бекітілуі қажет. Осыған байланысты көрсетілетін қызметтер тізімін жасап, Заңға сәйкес бір көзден сатып алынатын қызметтерді айқындауды ұсынамыз.

3.1. Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы бойынша.

Штаттық кестеге сәйкес бөлімнің штаттық саны 6 бірлікті құрайды, бос жұмыс орындары жоқ. Персоналды басқару желісі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде, жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Райымбек ауданының «Құрылыс бөлімі» ММ-нің балансында пәтер және өзгеде жылжымайтын мүліктер жоқ.

3.2. Мүдделер қақтығысын реттеу бағыты бойынша.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде мүдделер қақтығысының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде және жақын туыстардың, ерлі-зайыптылар мен жекжаттардың бірлескен қызмет (жұмыс) фактілері анықталған жоқ.

3.3. Мемлекеттік қызмет көрсету бағыты бойынша.

Бөлім келесі мемлекеттік қызметтерді көрсетеді:

1) үлескерлердің қаражатын тартуға рұқсат беру
2) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың есебіне үзінді көшірме беру

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздердің болуы.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіздер болып табылады: Көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын толық ұсынбауы; Мемлекеттік өызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеі,ен қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің болуы);

Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімі бар, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылған. Көрсетілген кезеңде мемлкеттік қызмет көрсетуден бас тартылған қызметтер жоқ.

ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ

4. Жоғарыда баяндалғанның негізінде Райымбек ауданының құрылыс бөлімінің басшысына:

Бөлім қызметінің мәселелерін реттейтін құқықтық актілерді заңнама нормаларына қатаң сәйкестікте көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша шешімдер қабылдау;

Ағымдағы жылдың қорытындысы бойынша бөлім қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу.

Көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді, халық арасында тек электронды үкімет порталы арқылы жүзеге асыру жайлы түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Мемлекеттік қызметшілерді жемқорлыққа төзбеушілік семинарларын өткізу.

Құзіреттілікті арттыру курстарын өткізу.

Жұмыс тобының басшысы:
Қаратаев Беглан Бағдатұлы — Райымбек ауданының «Құрылыс бөлімі» ММ-нің басшысы

Жауапты орындаушы:
Ахметова Аиида Канатовна — Райымбек ауданының «Құрылыс бөлімі» ММ-нің бас маманы

Жұмыс тобының мүшесі:
Абдрахынова Сәуле Алимнуровна — Райымбек ауданының «Құрылыс бөлімі» ММ-нің статисті